

## Мерейтойларды өткізу мен атаулы даталарды мерекелеу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 7 маусым N 465. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.09.28. N 1465 қаулысымен. ~P991465

Соңғы жылдары республикамыздың жер-жерінде әйгілі адамдардың мерейтойлары өткізіліп, Қазақстан тарихындағы атаулы даталар атап өтілуде. Жалпы олар жұртшылықтан дұрыс қолдау тауып, ұлттың сана-сезімінің өсуіне, ұлтаралық татулықты нығайту ісіне септесуде. Алайда, кейбір жағдайларда мерейтойлар дәлелі жеткіліксіз болса да атап өтіліп жатады, жалпыхалықтық тарихи және мәдени маңызы бола бермейтін түрлі тойлардың, сондай-ақ басқадай да даталарға байланысты мерекелердің тойлануларына жол беріліп жатады.

Мерейтойларды өткізуді үйлестіріп отыру, сонымен қатар өткізілетін салтанаттар мен мерекелерді жүйелі тәртіпке түсіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республикалық дәрежеде мыналар аталатын болып белгіленсін:  
рухани мәдениеттің дамуына, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа кеңінен танымал әйгілі адамдардың, ғылым мен мәдениеттің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары;  
жалпыхалықтық тарихи және мәдени маңызы бар есте қаларлық оқиғалардың даталары;  
республиканың экономикалық және рухани әлеуетіне аса зор үлес қосқан жекелеген кәсіпорындардың, ұйымдардың, ғылым мен мәдениет мекемелерінің, оқу орындарының, қоғамдардың құрылған жылдары.
2. Мерейтой шараларын өткізудің негізгі арқауы - егемен мемлекетіміздің беделі мен мәртебесін көтеру, ынтымақ-бірліктің, ұлтаралық татулықтың нығаюы, қоғамдық санада жаңа дәстүрлерді бекіту, қазақстандық отаншылдық, тарихқа құрметпен қарау сезімін қалыптастыру болып саналсын.
3. Жекелеген адамдардың мерейтой даталары былайша белгіленіп, атап өту жөн деп табылсын: алғашқы жүзжылдықта - туғанына алпыс жыл толуы, содан кейінгі әрбір онжылдықтар; кейінгі жүзжылдықтарда - әрбір жиырма бес жыл сайын.
4. Жалпыхалықтық тарихи және мәдени маңызы бар атаулы оқиғалардың даталары, аса зор жетістіктерге қол жеткізген облыстардың, қалалардың,

кәсіпорындардың, ұйымдардың, ғылыми және мәдени мекемелердің, оқу орындарының, қоғамдардың мерейтойлары елу жыл толғанда, жетпіс бес жылдығында, жүз жыл толғанда, одан әрі әрбір жиырма бес жыл сайын атап өтілетін болсын.

5. Атаулы оқиғалардың мерейтой даталарының жалпыхалықтық маңызын анықтау үшін оларды алдын-ала ғылыми сараптан өткізіп алу қажет.

6. Облыстық дәрежеде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы даталар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің келісімі бойынша облыстардың әкімдері мен халық депутаттары облыстық Кеңестерінің бірлескен шешімімен белгіленеді.

7. 1993-1995 жылдар аралығында республикалық дәрежеде

өткізілетін көрнекті адамдар мен атаулы оқиғалардың мерейтойларының ұсынылып отырған тізімі мақұлдансын.

8. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Мерекелерді мейрамдауға тәртіп орнату туралы" 1967 жылғы 21 ақпандағы N 114 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 7 маусымдағы

N 465 қаулысына

Қосымша

1993-1995 жылдар аралығында республикалық деңгейде

өткізілетін мерейтойлардың

Тізімі

(Кесте)